

**«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамы**

Қаржылық есептілік

*2019 жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*



МАЗМУНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Каржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда немесе зиян туралы есеп	2
Жиынтық кіріс туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	4
Акша қаражатының козгалысы туралы есеп	5

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызыметінің сипаты	6
2. Қаржылық есептілікті әзірлеу негізі	6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	6
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар	19
5. Бизнестерді біріктіру	20
6. Акша қаражаты мен оның баламалары	21
7. Банктердегі қаражат	22
8. Клиенттерге берілген несиeler	24
9. Инвестициялық бағалы қағаздар	28
10. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	29
11. Инвестициялық жылжымайтын мүлік	30
12. Негізгі құралдар	30
13. Материалдық емес активтер	31
14. Баска да активтер	31
15. Акционердің алдындағы берешек	33
16. Кредиттік ұйымдардың қаражаты	34
17. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	35
18. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	35
19. Баска да міндеттемелер	36
20. Салық салу	36
21. Капитал	38
22. Несиелік залалдар бойынша шығыстар	40
23. Персонал шығыстары және баска да операциялық шығыстар	40
24. Шарттық және шартты міндеттемелер	41
25. Тауекелдерді баскару	42
26. Қаржылық қызыметке катысты міндеттемелердегі өзгерістер	49
27. Қаржы құралдарының әділ күны	49
28. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау	52
29. Байланысты тараптармен операциялар	53
30. Капитал жеткіліктігі	55
31. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	55

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның Акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның (бұдан әрі - «Қоғам») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Қоғамның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХКЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпкөй бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Қоғамға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.



Building a better
working world

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызга сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қаастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қаасты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қаастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қаасты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бүрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қаастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Клиенттерге берілген несиeler бойынша күтілетін несие залалдарының резерві

«Қаржы құралдары» 9 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес клиенттерге берілген несиeler бойынша күтілетін несие залалдары резервінің деңгейін бағалау Қоғам басшылығы пайымдауының шешуші аясы болып табылады. Актив алғаш рет танылған сәтten бастап несие тәуекелінің айтарлықтай үлғаю факторларының анықталуы, дефолт ықтималдылығының және дефолт кезінде шығындар деңгейінің мәндерін айқындау субъективті пайымдауды, жорамалдар мен түрлі тарихи, ағымдағы және болжамды акпаратты талдауды айтарлықтай пайдалану амалдарын қосатын процестер болып табылады.

Түрлі модельдер мен жорамалдарды пайдалану клиенттерге берілген несиeler бойынша күтілетін несие залалдары резервінің деңгейіне едәүір әсер ете алады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам активтерінің жалпы сомасының 78% құрайтын клиенттерге берілген несиelerдің едәүір сомаларының күшіне, сондай-ақ кәсіптік пайымдаудың айтарлықтай пайдаланылуына орай, күтілетін несие залалдарының резервін бағалау аудиттің шешуші мәселесін білдірді.

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қаастырылды

Клиенттерге берілген несие залалдарының резерві

Біздің аудиторлық процедураларымызға клиенттерге берілген несиeler бойынша күтілетін несие залалдарының резервін бағалау әдістемесін талдау, сондай-ақ мерзімі өткен берешек мерзімі және активтің несие сапасының нашарлауы себебімен берешектің қайта құрылымдауының болуы жататын актив алғаш рет танылған сәтten бастап несие тәуекелінің айтарлықтай үлғаю факторларын анықтау процестеріне бақылау құралдарын талдау және тестілеу кіреді.

Аудиторлық процедураларымыздың барысында біз, іріктелген негізде, жорамалдарды талдап, Қоғам клиенттерге берілген несиeler бойынша күтілетін несие залалдарының резервін бағалау кезінде пайдаланған бастапқы деректерді, оның ішінде берешекке қызмет көрсету бойынша статистикалық деректерді, кепіл мүлкінің сатылуы нәтижесінде дефолт болған жағдайда шығындардың өтелуін және берешектің ақша қаражатымен өтелуін, сондай-ақ болжамды макроэкономикалық факторлардың әсерін тестіледік.

Біз күтілетін несие залалдарының резервін қайта есептедік.

Клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несие залалдары туралы ақпарат қаржылық есептіліктің «Клиенттерге берілген несиелер» 7-ескертпесінде және «Тәуекелдерді басқару» 23-ескертпесінде көрсетілген.

Қоғамның 2019 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндеттіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкесіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бүрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылық қаржылық есептіліктің ХКЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Қоғамды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Қоғамның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жаупкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адаптацияның әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Building a better
working world

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шенберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауп ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сез байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды өзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану занылышы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттінде айтартылған күмән туғыза алатын оқигаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктің тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқигалар немесе талаптар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқигаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертүлер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оған барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Building a better
working world

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Пол Кон.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Ольга Хегай
Аудитор



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектегі
№ МФ-0000286 біліктілік күелігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 10 сәуір

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанға**

(мың теңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	6	48.578.130	70.889.857
Банктердегі қаражат	7	45.063.483	32.815.837
Клиенттерге берілген несиелер	8	361.783.687	265.103.066
Сатуға арналған активтер	8	1.880.310	864.739
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	10	2.287.406	—
Инвестициялық бағалы қағаздар	9	604.896	—
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	11	447.821	345.724
Негізгі құралдар	12	367.500	362.767
Материалдық емес активтер	13	254.653	297.828
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	20	—	359.009
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	20	—	982.220
Басқа да активтер	14	1.663.281	274.320
Активтердің жиыны		462.931.167	372.295.367
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	15	155.214.588	127.888.348
Кредиттік үйімдардың қаражаты	16	9.876.118	9.546.645
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	86.340.978	56.898.981
Мемлекеттік және бюджеттік үйімдардың алдындағы берешек	18	36.435.103	22.634.685
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері		373.023	344.507
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	135.976	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	1.486.049	—
Басқа да міндеттемелер	19	4.231.587	3.688.523
Міндеттемелер жиыны		294.093.422	221.001.689
Капитал			
Жарғылық капитал	21	167.809.534	158.630.371
Қосымша төленген капитал	21	58.624.854	34.670.854
Резервтік капитал	21	5.339.751	5.339.751
Шартты бөлу резерві	21	(67.467.287)	(46.219.772)
Бөлінбegen пайда / (жинақталған зиян)		4.530.893	(1.127.526)
Капитал жиыны		168.837.745	151.293.678
Міндеттемелер мен капитал жиыны		462.931.167	372.295.367
Бір жай акцияның баланстық құны (төнгемен)	21	1.002,72	951,87
Қоғам Баскармасы атынан код. 2019 және шығаруға бекітілді:			
Бағлан Құлибайұлы Құлттық			
Ирина Николаевна Зайтуллаева			
2020 жылғы 10 сәуір			



Коғам Баскармасы атынан код. 2019 және шығаруға бекітілді:

Бағлан Құлибайұлы Құлттық
 Ирина Николаевна Зайтуллаева

Баскарма Төрағасы

Бас бухгалтер

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мың теңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2019 жыл</i>	<i>2018 жыл</i>
Тіімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары		4.323.045	3.749.649
Банктердегі қаражат		5.529.233	4.046.964
Клиенттерге берілген несиелер		41.966.531	24.660.881
Инвестициялық бағалы қағаздар		3.099.505	4.533.535
		54.918.314	36.991.029
Басқа да пайыздық кірістер		42.844	—
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		54.961.158	36.991.029
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(11.632.992)	(4.396.260)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(902.375)	(122.454)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(5.317.449)	(5.810.686)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		(2.546.677)	(1.785.800)
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек		(5.467)	(5.417)
Әзге де міндеттемелер		(114.313)	(119.301)
		(20.519.273)	(12.239.918)
		34.441.885	24.751.111
Таза пайыздық кіріс			
Несиелік залалдар бойынша шығыстар	22	(7.966.793)	(5.076.898)
Несиелік залалдар бойынша шығыстарды шегере отырып, таза пайыздық кіріс		26.475.092	19.674.213
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс/(залал)		49	(629)
Басқа да кірістер		218.832	201.759
Персонал шығыстары	23	(3.328.928)	(2.810.515)
Басқа да операциялық шығыстар	23	(2.100.061)	(2.038.261)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін түрлендіру нәтижесіндегі таза залалдар	8	(303.107)	(1.287.749)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді мойындауды тоқтату нәтижесіндегі таза залалдар		(663.174)	(388.195)
Басқа да шығыстар		(198.385)	(2.992)
Пайыздық емес шығыстар		(6.374.774)	(6.326.582)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		20.100.318	13.347.631
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	20	(4.066.282)	(2.972.014)
Бір жылғы пайда		16.034.036	10.375.617
Жай акцияға базалық және бөлінген пайда (тенгемен)	21	100,63	65,41

Қоғам Басқармасы атынан қызылды және шығаруға бекітілді:

Бағлан Құлибайұлы Жаптаев



Ирина Николаевна Закрутикова

Басқарма Төрағасы

2020 жылғы 10 сәуір

Бас бухгалтер

6-55 бет аратығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылmas болғы болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Бір жылғы пайда		16.034.036	10.375.617
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		—	—
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		16.034.036	10.375.617

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Бағлан Құлибайұлы Құлтаев



Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2020 жылғы 10 сәуір

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****(мың теңгемен)**

<i>Ескерт.</i>	<i>Жарғылыш капитал</i>	<i>Қосымша төленген капитал</i>	<i>Резервтік капитал</i>	<i>Шартты белу резерві</i>	<i>Жинақтала- ған залап / бөлінбекен пайда</i>	<i>Жыныы</i>
2018 жылғы 1 қаңтарға						
9 ХКЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері	158.630.371	12.538.954	2.546.627	(24.051.401)	2.894.127	152.558.678
9 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес қайта есептелген 2018 жылғы 1 қаңтарға қалдыш	—	—	—	—	(7.414.461)	(7.414.461)
2018 жылғы 1 қаңтарға						
Есепті кезеңдері жиынтық кіріс жиыны	158.630.371	12.538.954	2.546.627	(24.051.401)	(4.520.334)	145.144.217
Салықты шегерे отырып, Акционерден өділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түсken кіріс	21	—	22.131.900	—	—	22.131.900
Салықты шегере отырып, бір жылда шартты белу бойынша резерв	21	—	—	—	(22.168.371)	—
Резервтік капиталды Улғайту	21	—	—	2.793.124	—	(2.793.124)
Жарияланған дивидендтер	21	—	—	—	—	(4.189.685)
2018 жылғы						
31 желтоқсанға	158.630.371	34.670.854	5.339.751	(46.219.772)	(1.127.526)	151.293.678
2019 жылғы 1 қаңтарға						
Есепті кезеңдері жиынтық кіріс жиыны	158.630.371	34.670.854	5.339.751	(46.219.772)	(1.127.526)	151.293.678
«ҚазАгроИнім» АҚ-ның қосылуы шеңберінде жарғылыш капиталдың Улғаюы	21	9.179.163	—	—	—	9.179.163
Салықты шегере отырып, Акционерден өділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түсken кіріс	21	—	23.954.000	—	—	23.954.000
Салықты шегере отырып, бір жылда шартты белу бойынша резерв	21	—	—	—	(21.247.515)	—
Жарияланған дивидендтер	21	—	—	—	—	(10.375.617)
2019 жылғы						
31 желтоқсанға	167.809.534	58.624.854	5.339.751	(67.467.287)	4.530.893	168.837.745

Қоғам Баскармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Бағлан Құлибайұлы Кұлтаев



Ирина Николаевна Зайтундасова

Баскарма Төрағасы

2020 жылғы 10 сәуір

Бас бухгалтер

6-55 бет аралығындағы қоса беріліп отырган ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылmas болға болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мың тенгеңен)

	<i>Ескерт.</i>	2019 жыл	2018 жыл
Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Алынған пайыздар		32.257.118	26.139.685
Төленген пайыздар		(11.373.040)	(8.247.414)
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.443.471)	(1.995.653)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(2.026.829)	(1.995.980)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтөн түскен ақша ағындары		16.413.778	13.900.638
Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаюы			
Банктердегі қаражат		(10.026.355)	(22.272.865)
Клиенттерге берілген несиелер		(111.503.497)	(115.299.936)
Басқа да активтер		405.405	56.595
Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаюы)			
Өзге де міндеттемелер		1.644.965	(547.911)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(103.065.704)	(124.163.479)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(2.005.681)	(889.448)
Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(105.071.385)	(125.052.927)
Инвестициялық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдер		404.712.426	798.538.221
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(404.678.244)	(747.540.056)
Негізгі құралдарды сатып алу		(42.187)	(208.881)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(105.763)	(95.938)
Инвестициялық қызметтөн түскен ақша қаражатының таза (жұмсалуы)/түсүі		(113.768)	50.693.346
Қаржылық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздарды тартудан түскен түсімдер	26	60.000.000	60.000.000
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар алу	26	(60.000.000)	(60.000.000)
Кредиттік үйымдардан қарыздарды тартудан түскен түсімдер	26	9.800.000	9.477.052
Кредиттік үйымдардан қарыздарды өтеу	26	(9.477.051)	(1.553.480)
Акционерден қарыздарды тартудан түскен түсімдер	26	69.601.108	133.228.800
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	26	(23.348.012)	(4.674.673)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	26	28.729.231	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	26	-	(10.000.000)
Мемлекеттік жөне бюджеттік үйымдардан қарыздарды тартудан түскен түсім	26	17.867.780	18.463.010
Мемлекеттік жөне бюджеттік үйымдардан алынған қарызы қаражатын өтеу	26	(365.127)	(2.041.701)
«ҚазАгроИнім» АҚ-нан қаражаттың түсүі	5	437.983	-
Байланысты тараттардан алынған қарыздарды өтеу		-	(500.000)
Дивидендтерді төлеу	21	(10.375.617)	(4.189.685)
Қаржылық қызметтөн түскен ақша қаражатының таза түсімі		82.870.295	138.209.323
Күтілетін несие залалдарының ақша қаражаты мен оның баламаларына есери		3.131	(6.867)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерүі		(22.311.727)	63.842.875
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		70.889.857	7.046.982
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	6	48.578.130	70.889.857
Ақшалай емес операциялар			
«ҚазАгроИнім» АҚ-ды қосу шенберінде КТС бойынша активтің берілуі	5	75.398	-

Қоғам Басқармасы атынан қол койынды және шығаруға бекітілді:

Бағлан Құлибайұлы Құлтаев



Ирина Николаевна Зайтурова

2020 жылғы 10 сәуір

6-55 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылmas болғы болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

1. Қызметінің сипаты

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қоғам») Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында Қазакстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды несиелу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қантардағы № 137 заңнамасымен құрылды. Қоғам өз қызметін Қазакстан Республикасының банк заңнамасымен көзделген, Қазакстан Республикасының Ұлттық Банкі жаңындағы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен кадағалау комитеті берген 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24 операцияларды жүргізуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. Қоғам қызметін Қазакстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «КРҰБ») реттейді.

Қоғамның негізгі қызметінің максаты ауыл шаруашылығының секторын колдау бойынша үкіметтік бағдарламаларды іске асыру, агрономикалық кешенде өз жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, агрономикалық кешенде жобаларды әзірлеу және іске асыру, кепіл мүлкін және берілген каражатты өтеу есебінен алынған ауыл шаруашылығы өнімін өткізу, тиісті лицензияның негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру, лизинг қызметін жүзеге асыру, Жарғыда көзделген, Қоғамның максаттары мен міндеттеріне жауап беретін, заңнамалық актілермен тыым салынбаған өзге де қызмет түрлері болып табылады.

Қоғамның қаржыландыру қызметінде каражатты пайдалану бойынша айрықша талаптар мен шектеулөр көзделген. Клиенттерге берілетін несиeler бойынша пайыздық мөлшерлеме Қазакстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асырумен байланысты нарықтық мөлшерлемеден төмен болып табылады.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазАгро» ұлттық баскарушы холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазАгро» немесе «Акционер») Қоғам акцияларының 100%-на иелік етеді. Қазакстан Республикасының Үкіметі Қоғамның түпкі бакылаушы тарабы болып табылады.

2019 жылғы 5 желтоқсанда Қоғам Жалғыз Акционер Баскармасының 2019 жылғы 18 қазандағы № 47 шешімінің негізінде оған «ҚазАгроОнім» АҚ-ның («ҚАӨ») косылуы арқылы ерікті кайта үйимдастыруды жүзеге асырды. 2019 жылғы 31 желтоқсанға Қоғамның Қазакстан Республикасының аумағында тіркелген 17 филиалы бар (2018 жылдың 31 желтоқсанына: 16 филиал).

Қоғамның тіркелген көнсөжайы мына мекенжайда орналасқан: Қазакстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Иманов көшесі, 11-үй.

2. Қаржылық есептілікті әзірлеу негізі

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХКЕС») сәйкес дайындалды.

Каржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді коспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік бір жай акция есебінен алынған деректерді коспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың казакстандық тенгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың тенге») көрсетілген.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қоғам 2019 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға біркатор түзетулерді алғаш рет колданды. Қоғам шыгарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын колданған жок. Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған.

Жана стандарттар, түсіндірмелер және колданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

16 XKEC (IFRS) «Жалдау»

16 XKEC (IFRS) 17 XKEC-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы акпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашип көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста есепке алуын бірынғай модельн пайдалана отырып жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жана стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

16 XKEC (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

16 XKEC-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 XKEC-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 XKEC (IAS) сиякты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 XKEC (IFRS) колдану Қоғам жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Қоғам 16 XKEC-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 қантарда алғаш рет колданды. Қоғам солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артық емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (қыска мерзімді жалдау) қамтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ак солар бойынша базалық активтің төмен құны бар (төмен құны бар активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті. Қоғамның жалдау шарттары қыска мерзімді болып табылғандықтан және ұзартуға арналған опционын қамтымайтындықтан, бұл стандарт Қоғамның қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпалын тигізбеді.

«Пайдага салынатын салықты есептегу қағидатарына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға көтүсті белгісіздік болған талаптарда пайдага салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайдага салықтары» 12 XKEC-тің (IAS) колданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 XKEC-тің (IAS) колданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға колданылмайды, сондай-ак айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға көтүсті ерекше талаптарды қамтymайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- үйім айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- үйім салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге көтүсті жасайтын жорамалдар;
- үйім салық салынатын пайданы (салық зиянын), салық базасын, пайдаланылмаған салық зияндарын, пайдаланылмаған салық женілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындауды;
- үйім фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Қоғам әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше баска анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындауды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжатуға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

Түсіндіруді колдану кезінде Қоғам қандай да бір белгілі емес салық түсіндірмесінің бар екендігін саралады. Бұл түсіндірме 2019 жылғы Қоғамның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 XKEC-ке (IFRS) түзетулер

9 XKEC-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген акша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» болып табылатындығы және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдін шенберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен баска да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 XKEC-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемекіны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан SPPI критерийлерін канаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Қоғамның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жана стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Бағдарламага өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтешу» 19 XKEC-ке (IAS) түзетулер

19 XKEC-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламага өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтешу жылдық есепті кезеңінде болса, ұйым белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) кайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай окиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламага өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңінде қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындауы тиіс. Сондай-ақ Ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) кайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл окиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) кайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламага өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңінде қалған бөлігіне қатысты пайыздардың таза көлемін айқындау. Бұл түзетулер Қоғамның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Кауымдақан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарга ұзақ мерзімді салымдар» 28 XKEC-ке (IAS) түзетулер Түзетулер, ұйым 9 XKEC-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде кауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) кауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды колдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, ейткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 XKEC-те (IFRS) күтілетін несие зияндарының моделі қолданылады.

Сондай-ақ түзетулерде, 9 XKEC-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым кауымдақан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса «Кауымдақан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» 28 XKEC (IAS) қолдану салдарынан туындаитын кауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі. Бұл түзетулер Қоғамның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, ейткені Қоғамның оларда қарастыратын кауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдары жок.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Қоғамның қаржылық есептілігін жария ету күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Қоғам осы стандарттарды, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен кейін қолдануды жоспарлап отыр.

17 XKEC (IFRS) «Сактандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда XKEC жөніндегі Кеңес акпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сактандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жана аукымды стандарты 17 XKEC (IFRS) «Сактандыру шарттары» шығарды. 17 XKEC (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 XKEC (IFRS) «Сактандыру шарттарын» ауыстырады. 17 XKEC (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сактандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сактандыру және өмірді сактандырудан ерекшеленетін сактандыру, тікелей сактандыру және қайта сактандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбек стандарттар (жалғасы)

17 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» (жалғасы)

Стандарттың колданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХКЕС (IFRS) негізгі мақсаты сактандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХКЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХКЕС (IFRS) сактандыру шарттарын есепке алудың жан-жакты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға конымды аспектілерін қамтиды. 17 ХКЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- тікелей катысу талаптарымен сактандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірүлөр (ауыспалы сыйакы әдісі);
- жenілдетілген тәсіл (сыйлыққақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХКЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 кантардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге катысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы акпаратты ұсыну қажет. Ұйым алғаш рет қолданылу күніне 9 ХКЕС (IFRS) пен 15 ХКЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануга жол беріледі. Қоғам бұл стандартты 2019 жылы мерзімінен бұрын қолданбады.

«Бизнесі айқындау» 3 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер

2018 жылғы казанда ХКЕС жөніндегі кеңес «Бизнестерді біріктіру» 3 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды, олар «бизнес» терминінің анықтамасын өзгерпті және ұйымдарға иемденген қызмет және актив түрлерінің жиынтығы бизнес болып табылатындығын не табылмайтындығын анықтаударына көмектесуі тиіс. Бұл түзетулер бизнеске койылатын ең аз талаптарды нақтылайды, нарыққа катысушылар қандай да бір жетпейтін элементті ауыстыруға қабілетті екендігін бағалауды жокқа шығарады, ұйымдарға иемденген процесс маңызды болып табылатындығын бағалаударына көмектесу үшін басшылықты косады, бизнестің және қайтарымдылығының анықтамасын тарылтады, сондай-ақ әділ құн шоғырлануының болуына міндетті емес тестті енгізеді. Түзету 2020 жылғы 1 кантардан кейін жасалатын бизнесі немесе активтер топтарын сатып алу операциялары үшін күшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануга рұқсат етілген.

Бұл түзетулер олардың бастапкы қолданылу күніне немесе содан кейін болатын операцияларға немесе басқа да оқиғаларға катысты перспективті негізде қолданылатындықтан, бұл түзетулер өту күніне Қоғамға әсерін тигізбейді.

«Каржылық есептілікті ұсыну» 1 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер – «Каржылық міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу» және «Маңыздылықты айқындау» 8 ХКЕС (IAS)

2018 жылғы казанда ХКЕС жөніндегі кеңес түрлі стандарттардағы маңыздылықтың анықтамасын көлісу және бұл анықтаманың қейір аспектілерін түсіндіру үшін «Каржылық есептілікті ұсыну» 1 ХКЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. Жаңа анықтамаға сай «егер акпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бұркену накты есеп беретін ұйым туралы каржылық акпаратты ұсынатын бұл каржылық есептіліктің негізінде олар кабылдайтын жалпы мақсаттағы каржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтүге болатын болса, акпарат маңызды болып табылады». Түзетулер 2020 жылғы 1 кантардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Бұл түзетулер олардың бастапкы қолданылу күніне немесе содан кейін болатын операцияларға немесе басқа да оқиғаларға катысты перспективті негізде қолданылатындықтан, бұл түзетулер 2019 жылы Қоғамның каржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеки стандарттар (жалғасы)

«Каржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Каржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Пайыздық мөлшерлемелер. Этапондар реформасы»

«Каржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Каржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер базалық пайыздық мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық катынастарға колданылатын біркатор босатуларды қамтиды. Хеджирлеу катынастары, егер реформа базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген мерзімдерге және/немесе акша ағындарына катысты белгісіздік тудыrsa, хеджирлеу объектісі немесе хеджирлеу құралы үшін катысты болады. Реформаның нәтижесінде колданыстағы базалық пайыздық мөлшерлеме баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге ауыстырылғанға дейінгі кезең ішінде хеджирлеу объектісі немесе хеджирлеу құралы үшін базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген мерзімдерге және/немесе акша ағындарына катысты белгісіздіктер туындауы мүмкін. Бұл болжанатын транзакцияның ықтималдылығын бағалауга және хеджирлеу катынастары жоғары тиімді болатындығын бағалауга катысты белгісіздіктерге әкеп соктыра алады. Түзетулер 2020 жылғы 1 кантардан бастап колданыла бастайды. Мерзімінен бұрын колдануға рұқсат етілген.

Бұл түзетулер олардың бастапкы колданылу күніне немесе содан кейін болатын операцияларға немесе баска да оқигаларға катысты перспективті негізде колданылатындықтан, бұл түзетулер 2019 жылы Қоғамның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

ХҚЕС-тің сайынды жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар

3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру»

Түзетулерде, егер үйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бакылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі катысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды коса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнестерді біріктіруге катысты талаптарды колданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардагы бұрын болған барлық катысу үлесін қайта бағалауы тиіс. Үйым оларды сатып алу күні 2019 жылдың 1 кантарынан немесе осы күннен кейін басталатын алғашкы жылдық есепті кезеңмен сай келетін немесе содан кейін басталатын бизнестердің біріктірілуіне катысты бұл түзетулерді колдануы тиіс. Мерзімінен бұрын колдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер Қоғамның соның шенберінде бірлескен бакылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен қасіпперлік»

Бірлескен операциялардың катысуышы болып табылатын, бірақ бірлескен бакылауы жок тарап бірлескен операцияларға бірлескен бакылауды ала алады, солардың шенберіндегі қызмет бұл термин 3 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындағы бірлескен операцияда бұрын болған катысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі. Үйым мұндай түзетулерді мәмілелерге катысты колдануы тиіс, солардың шенберінде ол бірлескен бакылауга ие болады және солардың күні 2019 жылдың 1 кантарынан немесе осы күннен кейін басталатын алғашкы жылдық есепті кезеңмен сай келеді немесе содан кейін басталады. Мерзімінен бұрын колдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер Қоғамның соның шенберінде бірлескен бакылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер, дивидендерге катысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқигалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, үйым үйимның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқигаларды қай жerde мойындағандығына карай дивидендерге катысты салық салдарын пайда немесе зиян, баска да жынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Үйым бұл түзетулерді 2019 жылғы 1 кантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге катысты колдануы тиіс. Мерзімінен бұрын колдануға жол беріледі. Бұл түзетулерді алғаш рет колдану кезінде үйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендерге катысты салық салдарына колданылуы тиіс. Қоғамның колданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сайкес келгендіктен, олардың колданылуы Қоғамның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар (жалғасы)

XKEC-ті 2015-2017 жылдар (жалғасы)

23 XKEC (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған карыздарды ортақ мақсаттарға арналған карыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға жақетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін колданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын карыз алулар бойынша шығындарға катысты колдануы тиіс. Ұйым бұл түзетулерді 2019 жылғы I қартарадан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге катысты колдануы тиіс. Мерзімінен бұрын колдануға жол беріледі. Қоғамның колданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келетіндіктен, бұл түзетулер Қоғамның каржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

Жалпы бакылаудағы тараптардан еншілес ұйымдардың бірігуі

Жалпы бакылаудағы тараптардан еншілес ұйымдардың косылуын есепке алу мүдделерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Жалпы бакылаудағы тараптардың арасында берілген еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы каржылық есептілікте берілу күніне беретін ұйымның (алдыңғы иесі) есептілігінде перспективті көрсетілген олардың баланстық құны бойынша көрсетіледі. Таза активтердің жалпы баланстық құны мен төлентен етемакының сомасы арасындағы айырма бұл каржылық есептілікте акционерлердің меншікті капиталының түзетуі ретінде ескерілген.

Әділ құнды бағалау

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық катысушыларының арасындағы әдettегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төлентен баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмай калғанда, бұл активке немесе міндеттемеге катысты барынша тиімді болатын нарықта жүзеге асырылады.

Қоғам негізгі немесе барынша колайлы нарыкка қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық катысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды колдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық катысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжанду. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыкка катысушының экономикалық пайда әкелу не болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жаксы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыкка басқа катысушыға сату арқылы пайда әкелу кабілетін назарға алады.

Қоғам мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Әділ құнды бағаланатын немесе каржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-денгей – бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарыктардағы баға белгілеулері (түзетілмеген).
- 2-денгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байкалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-денгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ күнды бағалау (жалғасы)

Қаржылық есептіліктегі қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Қоғам оларды әрбір есепті кезеңнің сонына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ күні бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ен төмөн деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару кажеттілігін айқындайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Мойындау күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Қоғам активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалына қаржы активтері мен міндеттемелерін шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде қою талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін колданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян арқылы әділ күні бойынша бағаланған жағдайлардан баска, мәміле бойынша шығындарды коса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ күні бойынша бағаланады.

Каржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаты

Қоғам өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін колданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- амортизацияланған күні;
- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ күні (БЖКӘК);
- пайда немесе зиян арқылы әділ күні бойынша (ПЗӘК) бағалайды.

Қоғам туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘК бойынша жіктейді және бағалайды. Қоғам өз карауына карай қаржы құралдарын ПЗӘК бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндағы жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаттарын колданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен баска, амортизацияланған күні бойынша немесе ПЗӘК бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның карауына карай әділ күні бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

Банктердегі қаражат, клиенттерге берілген несиeler, амортизацияланған күні бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Қоғам банктердегі қаражатты, клиенттерге берілген несиelerді және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған күні бойынша бағалайды, тек егер келесі кос талап орындалатын болса ғана:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның максаты қаржы активтерін шартта көзделген акша ағындарын алу үшін ұстасу болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI) борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын акша ағындарын алушы негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Каржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Бизнес-модельді бағалау

Қоғам бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына кол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері калайша басқарылатындығын барынша жаксы көрсететін деңгейде айқындаиды.

Қоғамның бизнес-моделі бөлек құралдар деңгейінде емес, портфельдерді агрегациялаудың барынша жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланатындығына және бұл акпарат ұйымның шешуші басқарушы персоналына калайша хабарланатындығына;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша ынталандырылатындығына (мысалы, сыйакы басқарылатын активтің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Қоғамның бизнес-моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельдің бағалануы «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескермesten, пайда болуы негізделген түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Қоғам үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Қоғам бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертуейді, бірақ келешекте мұндай акпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» testcі (SPPI testcі)

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Қоғам шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (SPPI тесті) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі колданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконктың амортизациясы орын алса).

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдette акшаның уақытша құны үшін өтемакы және несиелік тәуекел үшін өтемакы болып табылады. SPPI тестінің өткізу үшін Қоғам пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің кай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді сарапайдала.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырагыштықка немесе шартта көзделген, базалық несие келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау кажет.

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Қоғам шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (яғни SPPI тесті) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі колданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконктың амортизациясы орын алса).

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Каржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестіci (SPPI тестіci) (жалғасы)

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәүір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемакы және несиелік тәуекел үшін өтемакы болып табылады. SPPI тестіcін өткізу үшін Қоғам пайымдауды колданып, орынды факторларды, мысалға, каржы активінің кай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді сарапайды.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштықка немесе шартта көзделген, базалық несие келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтмелеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда каржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау кажет.

Несиelerді беру міндеттемелері

Несиelerді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің колданылу мерзімінің ішінде Қоғам клиентке күн бұрын аталған талаптарда несиені беруге міндетті. Мұндай міндеттемелерге көткесінше КНЗ-ны бағалау талаптарына колданылады.

Қоғам кей кездерде несиelerді нарыктық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша беру міндеттемесін шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша танылады және кейіннен КНЗ бағалау резервінің сомасынан және орынды болғанда шегере отырып бастапқыда танылған сомадан, кірістің танылған жинақталған сомасынан ең көп көлемі бойынша бағаланады.

Каржы активтері мен міндеттемелердің кайта жіктеу

Қоғам каржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертертін айрықша жағдайлардан басқа, каржы активтері бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан кайта жіктелмейді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-кол қаражат және пайда болған күннен бастап токсан күннің ішінде өткізу мерзімі бар несиелік мекемелердегі қаражат жатады.

Карыз қаражаты

Шығарылған каржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Қоғамның не ақша қаражатын немесе өзге де каржы активтерін кою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе баска да каржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге турде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға Акционер алдындағы берешек, кредиттік ұйымдардың қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек жатады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін карыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Пайда мен зияндар міндеттемелердің мойындалуы токтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

Каржы құралдарының өзара есепке алынуы

Каржы активі немесе каржылық міндеттеме мойындалған сомаларды есепке алуға зәнди түрғыдан корғалған құқық болғанда және есеп айрысулады нетто-негізде жүзеге асыруға не болмаса активті сатуға және міндеттемені бір мезілде орындауга ниет болғанда, каржылық жағдай туралы есепте нетто-өлишемді ұсына отырып өзара есепке алынуға жатады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда зәнди түрғыдан корғалуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- дефолт болған жағдайда; және
- ұйым немесе карсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге көткесінше орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер каржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Несиelerдің құрылымын өзгерту

Кепіл затын өндіріп алушын орнына, мүмкіндігіне карай, Қоғам несиeler бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартып, несие берудің жаңа талаптарын келіседі.

Қоғам каржы активін, мысалы, клиентке берілген несиесін мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жана несиеге айналатында етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде несиeler, құрылған несие СҚНҚ активі болып саналған жағдайлардан басқа, КНЗ бағалау мақсатында 1-кезенге жатады. Клиентке берілген несиені мойындауды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде Қоғам, өзгесінен басқа, келесі факторларды қарастырады:

- несие валютасының өзгеруі;
- қарсы агенттің өзгеруі;
- құрал бұдан былай SPPI тестісінің критерийлеріне жауап бермейтіндігіне түрлендірілуі.

Егер түрлендіру амалы ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соктырмаса, түрлендіру мойындауды тоқтатуға әкеп соктырмайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Қоғам түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындаиды, олар пайда немесе зиян туралы есепте басқа да шығыстардың құрамында білдіріледі.

Мойындалудың тоқтатылуына әкеп соктырмайтын түрлендіру амалы жасалған жағдайда, Қоғам несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуын немесе активтерді несиелік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін қайталап бағалайды.

Каржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Каржы активтері

Каржы активі (немесе, колданылуына карай – каржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай каржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының колданылу мерзімі аяқталса;
- Қоғам активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағымдарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарапка аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ак
- Қоғам (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сактамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Қоғам активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сактамай да, сондай-ак активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуша Қоғамның бұл активтегі катысуын жағастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке катысады жағастыру Қоғамға төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Есептен шыгару

Каржы активтері есептен ішінара не болмаса Қоғам олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шыгарылады. Егер есептен шыгарылуға жататын сома жинақталған құнсыздану резервінін көлемінен көп болса, айырмасы ең алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ал содан кейін жалпы баланстық құнына колданылады. Кез келген кейінгі калпына келтіру амалдары несиелік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шыгару мойындауды тоқтатуға жатады.

Каржылық міндеттемелер

Каржылық міндеттеменің мойындалуы тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе колданылу мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Колданыстағы бір каржылық міндеттеменің кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе колданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі түрлендірuler енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы мойындаиды отырып, есепке алуша бейнеленеді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уакытша айырмашылыктарына катысты есептеледі. Кейінге қалдырылған пайда салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уакытша айырмалар бойынша каржылық есептілік мақсаттары үшін көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уакытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашакта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер құшіне енген немесе нақ есепті мерзімде құшіне енген заннамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде колданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Қоғамның қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстар құрамында бейнеленеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, құнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін окіншалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнсыздануы бағаланады.

Жөндеу және бұрынғы калпына келтіру шығыстары оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

Нысандың амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтердің пайдалы қызметінің бағалау мерзімдеріне негізделген келесі жылдық мөлшерлемелер бойынша желілік әдіспен есептеледі:

Амортизация нормасы

Фимараттар	1-5%
Машиналар мен жабдық	4-20%
Көлік құралдары	10-25%
Басқасы	10-33%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл сонында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлікті ұзак мерзімге жалға беруден болатын кірістерді немесе Қоғам негізгі құралдар ретінде пайдаланбайтын мүлік құннының өсімінен болатын кірістерді алуға арналған.

Бастапқыда инвестициялық жылжымайтын мүлік, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, нақты құны бойынша бағаланады. Баланстық құнға, мойындау критерийлерін орындау шартымен мұндай шығындардың пайда болуы сәтіне колдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыру құны кіреді және инвестициялық мүлікке құнделікті қызмет көрсету шығындары кірмейді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік кейіннен, жинақталған амортизацияны шегере отырып, өзіндік құны бойынша бағаланады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік 50 жылды құрайтын пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде желілік негізде амортизацияланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің каржылық есептілік туралы есепте мойындалуын токтату ол шыккан кезде не болмаса келешекте экономикалық пайда алу күтілмесе, жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығынан болған кез келген кірістер мен залалдар мойындалуы токтаған жылы пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүлік (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүліктен инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар тек пайдалануда өзгерістер болғандаған жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алғып отырган жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде баланстық құнның өзгеруі болмайды, өйткені Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлік үшін, сол сияқты меншік иесі алғып отырган жылжымайтын мүлік үшін, коса санат үшін өзіндік құн бойынша есепке алу үлгісін пайдаланады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық камсыздандыру мен лицензиялар кіреді.

Болек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

Сатуға арналған активтер

Қоғам айналымнан тыс активтерді, егер олардың ағымдағы құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктелеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер мұндай активтерді сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде деруе сату үшін колжетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс.

Сатудың жоғары ықтималдылығы Қоғам басшылығының айналымнан тыс активті іске асырудың жоспарын катап түрде орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және мұндай жоспарды орындау бойынша белсенді іскимылдар жоспары басталуы тиіс. Бұдан басқа айналымнан тыс актив оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген болып табылатын баға бойынша өткізуле белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер жіктелген құннен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Қоғам сатуға арналған деп жіктелетін активтерді ағымдағы құнның ең аз мәні және сату шығыстарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің ағымдағы құнның ықтимал құнсыздану оқигалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда Қоғам сату шығыстарын шегере отырып олардың құнның әділ құнына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

Алынған кепілді камсыздандыру

Алынған кепілді камсыздандыру қарыздар бойынша берешекті өтеу есебінен Қоғамның қарыз алушыларынан ерікті немесе мәжбүрлі негізде алынған кепіл мүлкін білдіреді. Кепілге койылған мүлікті Қоғамның балансына кабылдау жөніндегі шешімді Несие Комитеті, содан кейін Қоғамның Баскармасы кабылдайды. Барлық процедуралар жасалғаннан кейін мүліктің Қоғам балансында мойындалуы оның ағымдағы бағаланған құны бойынша жүзеге асырылады. Бұл активтер қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған активтер құрамында ескеріледі.

Акционерлік капитал

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға журналар шығаруға арналған тікелей шығындарды шегере отырып тарихи құны бойынша мойындалады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайдаған жағдайда міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті қүнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті қүннен кейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіткен қүнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Акционерлік капитал (жалғасы)

Шартты бөлу резерві

Қоғам өз Акционерінің атынан карыз алушылармен нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша несиелік келісімді жасағанда, бастапкы мойынша кейінге несиенің номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма Акционерге болжамды бөлу ретінде шартты бөлу бойынша резерв ретінде ескеріледі.

Косымша төленген капитал

Қоғам өз Акционерінен және Қазакстан Республикасының мемлекеттік әрі бюджеттік мекемелерінен нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздарды немесе басқа да қаржылық қомекті алғанда, алынған ақшалай өтемекі мен қарыздардың немесе бастапкы мойындау құніне басқа да қаржылық қомектің әділ құны арасындағы айырма косымша төленген капитал ретінде ескеріледі.

Бағалау міндеттемелері

Қоғамның өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашак экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын занды немесе ерікті түрде кабылдаган міндеттемелері болса, бағалау міндеттемелері танылады.

Шартты міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды коспағанда олар туралы акпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Қоғам экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Пайыздық және соған ұқсас түсім мен шығыстар

Қоғам амортизацияланған құн бойынша немесе несиелік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені колдана отырып, БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық түсімді есептейді (2019 жылдың I кантарына дейін: қаржы активтерінің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені колдана отырып). Тиімді пайыздық мөлшерлеме – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашактағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе оте қыска уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар колданылатын жерде бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе косымша шығыстар ескеріледі, бірақ келешек несиелік залалдар ескерілмейді. Қоғам төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын кайта қарастырган жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапкы тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Несиелік-құнсызданғанға айналатын қаржы активі болған жағдайда Қоғам пайыздық мөлшерлемені бұл қаржы активінің таза амортизацияланған құнына колдана отырып пайыздық түсімді есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылатын болса және ол бұдан былай несиелік-құнсызданған болып табылмаса, Қоғам жалпы құнның негізінде пайыздық түсімнің есептелуіне оралады.

Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған (СҚНҚ) қаржы активтері болған жағдайда Қоғам пайыздық түсімді несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржы активінің амортизацияланған құнына колдана отырып есептейді. Несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл бастапкы мойындау кезінде есепті келешек ақша ағындарын (несиелік залалдарды коса) СҚНҚ активтерінің амортизациялық құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Қоғамның функционалдық валютасы мен есептілік беру валютасы болып табылатын қазақстандық тәңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша кызметтік валютага қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге колданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютага қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда немесе зиян туралы есепте «Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс/(зиян)» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында накты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне колданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне колданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») ресми бағамы арасындағы айырмалық айырма шығыстары шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі. Төменде Қоғам қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары көлтірілген:

	2019 жыл	2018 жыл
Тенге / АҚШ доллары	381,18	384,2
Тенге/евро	426,85	439,37
Тенге / ресей рублі	6,17	5,52

Сегменттік есептілік

Қоғамның бизнесі мен географиялық сегменттері осы қаржылық есептілікте жеке көрсетілмеген, өйткені Қоғамның басшылығы несислерді берудің басты операциялық сегменті Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық ұйымдары болып табылады деп есептейді, әрі солар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады. Қоғамның ресурстарын бөлу туралы шешімдерді қабылдау және операциялық шешімдерді қабылдайтын Қоғам басшылығының оның кызметінің нәтижелерін бағалау ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілікке негізделеді.

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаулар мен пайымдаулардың белгісіздігі

Қоғам басшылығы есепке алу саясатын колдану барысында есептік бағалаулармен қатар қаржылық есептілікте бейнеленген сомага неғұрлым маңызды әсер ететін мынадай пайымдаулар мен бағалаулар жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

Қаржы құрагдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашкы деректер, егер мүмкін болса, бакыланатын нарық негізінде анықталады; баска жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді колдану кажет.

4. Манызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар (жалғасы)

Бағалаулар мен пайымдаулардың белгісіздігі (жалғасы)

Каржы активтері бойынша күтілеттің несие залалдары

9 XKEC-ке (IFRS) сай 2019 жылдың 1 кантарынан бастап, сол сиякты 39 XKEC-ке (IAS) сай 2019 жылдың 1 кантарына дейін каржы активтерінің барлық санаттары бойынша залалдарды бағалау пайымдауды колдануды қажет етеді, атап айтқанда, КНЗ айқындау және несие тәуекелінің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар біркатарап факторларга байланысты болады, солардагы өзгерістер құнсыздандылың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соктыра алады. Қоғамның КНЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін тандауға катысты біркатарап базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін КНЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Қоғам несиелік тәуекелдің айтартықтай ұлғаюы болғанын бағалау үшін пайдаланатын критерийлер, соның нәтижесінде каржы активтері бойынша құнсыздандылың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін КНЗ-ға тәң болатын сомада бағалануы тиис және сапалы бағалау;
- солар бойынша КНЗ топшылік негізде бағаланғанда каржы активтерін топтарға біріктіру;
- КНЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған кося түрлі формулалар және бастапқы деректерді тандау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды айқындау, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді тандау және КНЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу үшін ықтималдылықты ескере отырып таразылау.

Кепіл қамсыздандыруын бағалау

Қоғам басшылығы нарыктағы ағымдағы жағдайды ескере отырып кепілмен қамтамасыз етудің құнын түзету үшін тәжірибене негізделген пайымдауды немесе тәуелсіз бағалауды пайдалана отырып, тұракты негізде кепілмен қамтамасыз етуге мониторингті жүзеге асырады.

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірынғай Салық кодексі колданылады. Колданыстағы салықтарға косылған құн салығы, корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік және басқа да салықтар кіреді. Көп жағдайларда нормативтік-құқықтық актілерді колдану бойынша аткарушылық өкімдер түсініксіз болып табылады немесе олар тіптен жок және үлгі боларлық жағдайлардың шамалысы ған аныкталды. Ведомстволар арасында, сондай-ақ бір ведомствоның ішінде ережелердің зәни тұжырымдамасына катысты түрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл біршама белгісіздік пен кикілжін жағдайлар тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ зәни реттеудің басқа да салалары (мысалы, кеден және валюталық бакылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдарды, өсімпұлды және тұраксыздық айыбын есептеуге құқылы бірнеше ведомство бакылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салықтық заннама жүйелері анағұрлым дамыған басқа елдерге карағанда Қазақстанда салықтық тәуекелдер ықтималдылығының үлкен дәрежесін калыптастырады.

Басшылық Қоғам оның қызметтің реттейтін Қазақстан Республикасының салық заннамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне катысты өзге ұстанымды ұстанады деген тәуекел бар.

5. Бизнестерді біріктіру

Жалғыз Акционер Басқармасының 2019 жылғы 18 казандагы № 47 шешімімен Қоғам 2019 жылғы 5 желтоқсанда оған ҚАӘ-нің косылуы арқылы ерікті кайта үйымдастыруды жүзеге асырды. ҚАӘ-нің мүлкі, құқықтары мен міндеттері Қоғамға Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарын ескере отырып беру актісі бекітілген күннен бастап ерікті кайта үйымдастырылу шенберінде өтті.

Кайта үйымдастырудың нәтижесінде Қоғам ҚАӘ-нің барлық кредиторлары мен борышкерлеріне катысты ҚАӘ-нің барлық міндеттемелері мен мүліктік құқықтары бойынша, оның ішінде тараптар (ҚАӘ және немесе үшінші тұлғалар) даулатын міндеттемелер мен мүліктік құқықтар бойынша оның құқықтық мирасқорына айналды.

5. Бизнестерді біріктіру (жалғасы)

Қосылу күніне дейін, 2019 жылғы 5 желтоқсанда, ҚазАгроКАӨ акцияларының 100%-на иелік етті. ҚАӨ-нің косылуы жалпы бақылаудағы бизнестерді біріктіру операциясы болып табылғандықтан, Қоғам мұлделерді біріктіру бойынша есепке алу әдісін тарихи қайта есептеусіз қолданды.

ҚАӨ акцияларын сату бағасы және Қоғамның акцияларын өткізу (орналастыру) бағасы үтірден кейін алты белгі дәлдігімен, атап айтканда ҚАӨ-нің немесе Қоғамның меншікті капиталының ҚАӨ-нің немесе Қоғамның тиісінше орналастырылған акцияларының санына (ҚАӨ немесе Қоғам тиісінше сатып алған акцияларды коспағанда) ара катынасы ретінде айқындалған. Қоғам жай акцияларды Жалғыз Акционерге ҚАӨ-нің жай акцияларына айырас bas retinde 9.179.163 мың теңге сомада 966,77 теңге бағасы бойынша 9.494.625 дана көлемінде орналастырды.

Сатып алғынған сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелердің баланстық күны былайша болды:

2019 жылғы
5 желтоқсанға

Активтер

Берілген қарыздар	1.999.509
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (10-ескертпеле)	1.943.447
Дебиторлық берешек (14-ескертпеле)	1.338.595
Сатуға арналған активтер	1.314.229
Қорлар	808.427
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	600.000
Клиенттерге берілген несиeler (8-ескертпеле)	318.153
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	75.398
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	176.015
Инвестициялық жылжымайтын мүлік (11-ескертпеле)	176.523
Негізгі құралдар (12-ескертпеле)	19.278
Басқа	47
Активтердің барлығы	8.769.621

Міндеттемелер

Өнім жеткізушилер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	8.989
Алғынған қысқа мерзімді аванстар	19.452
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жыны	28.441
Міндеттемелердің барлығы	28.441

2019 жылғы 6 желтоқсанда операциялық күннін сонына ҚАӨ ағымдағы банк шотында орналастырылған 437.983 мың теңге сомадағы ақша қаражаты мен оның баламалары Қоғамның ағымдағы банк шотына аударылды.

Алғынған сәйкестендірілетін каржы активтері бойынша КНЗ резерві мыналады құрады:

2019 жылғы
5 желтоқсанға

Клиенттерге берілген несиeler (8-ескертпеле)	(319.967)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (10-ескертпеле)	(1.761.598)
Дебиторлық берешек (14-ескертпеле)	(6.942.650)
Міндеттемелердің барлығы	(9.024.215)

6. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Банктің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаты	48.581.865	70.896.723
Қолма-қол ақша қаражаты	1	1
	48.581.866	70.896.724
КНЗ резервін шегере отырып	(3.736)	(6.867)
Ақша қаражаты мен оның баламалары	48.578.130	70.889.857

6. Ақша қаражаты мен оның баламалары (жалғасы)

Ақша баламаларының барлық калдықтары КНЗ-ны бағалау мақсатында I-сатыға жатқызылған. 2019 жылғы КНЗ резервінің өзгерістерін талдау төменде көрсетілген:

	2019 жыл	2018 жыл
1 қантарға КНЗ резерві	6.867	1.270
Кезеңде КНЗ-ның өзгеруі	(3.131)	5.597
31 желтоқсанға КНЗ резерві	3.736	6.867

Ақша қаражаты мен оның баламаларының шоғырлануы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттарда орналастырылған ақша қаражатына «Ситибанк Қазақстан» АҚ-да орналастырылған 26.744.778 мың теңге сомасындағы қаражат немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 55%-ы кіреді (2018 жылдың 31 желтоқсанына: 28.569.603 мың теңге немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 40%-ы).

7. Банктердегі қаражат

Банктердегі қаражатта көлесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздар	34.102.894	37.142.226
90 күннен артық мерзімге орналастырылған мерзімді депозиттер	11.102.767	1.009.342
	45.205.661	38.151.568
КНЗ резервін шегере отырып	(142.178)	(5.335.731)
Банктердегі қаражат	45.063.483	32.815.837

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі қаражатта агроенеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіруге «Bank RBK» Банкі АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ мен «First Heartland Jýsan Bank» АҚ 2028 жылға дейін өтеу мерзіміне және жылдық 2,8% бастап 12,5% дейін (2018 жылғы 31 желтоқсанға: жылдық 2,8% бастап 13,2% дейін және өтеу мерзімі 2023 жылға дейін) сыйакы мөлшерлемесімен төнгемен берген қарыздар кіреді.

Төмендегі кестеде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жынысы
2019 жылғы 1 қантарға				
жалпы баланстық құн	29.938.561	–	8.213.007	38.151.568
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	57.473.100	–	–	57.473.100
Өтелген активтер	(49.737.484)	–	(588.853)	(50.326.337)
1-кезеңге аудару	7.624.154	–	(7.624.154)	–
2-кезеңге аудару	–	–	–	–
3-кезеңге аудару	–	–	–	–
Есептеген пайыздардағы өзгерістер	(92.670)	–	–	(92.670)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	45.205.661	–	–	45.205.661

7. Банктедегі қаражат (жалғасы)

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жыныс
2019 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	251.551	–	5.084.180	5.335.731
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	253.138	–	–	253.138
Өтелген активтер	(232.206)	–	(364.523)	(596.729)
1-кезеңге аудару	4.876.530	–	(4.876.530)	–
2-кезеңге аудару	–	–	–	–
3-кезеңге аудару	–	–	–	–
Бір Кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	(5.006.835)	–	–	(5.006.835)
Дисконт амортизациясы	–	–	156.873	156.873
2019 жылғы 31 желтоқсанға	142.178	–	–	142.178

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін кредиттік ұйымдарда қаражаттың құнысыздануына бағалау резервіндегі өзгерістер көлтірілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жыныс
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы балансстық құн	10.914.277	16.963.782	–	27.878.059
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	25.852.305	–	–	25.852.305
Өтелген активтер	(4.793.012)	(879.836)	(9.611.725)	(15.284.573)
1-кезеңге аудару	7.501.639	(7.501.639)	–	–
2-кезеңге аудару	(9.621.056)	9.621.056	–	–
3-кезеңге аудару	–	(17.832.955)	17.832.955	–
Есептеген пайыздардағы өзгерістер	84.408	(370.408)	(8.223)	(294.223)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	29.938.561	–	8.213.007	38.151.568

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жыныс
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	144.332	11.392.544	–	11.536.876
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	106.670	–	–	106.670
Өтелген активтер	–	(24.566)	(6.611.236)	(6.635.802)
1-кезеңге аудару	4.840.719	(4.840.719)	–	–
2-кезеңге аудару	(201.574)	201.574	–	–
3-кезеңге аудару	–	(7.210.980)	7.210.980	–
Бір Кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	(4.638.596)	482.147	4.243.303	86.854
Дисконт амортизациясы	–	–	241.133	241.133
2018 жылғы 31 желтоқсанға	251.551	–	5.084.180	5.335.731

2019 жылдың ішінде Акционерден алынған қаражат есебінен нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша 2019 жылдың ішінде екінші деңгейдегі банктеге берілген карыздардың әділ құны бойынша бастапқы мойындау нәтижесінде туындаған 3.626.717 мың теңге (2018 жылы: 3.459.350 мың теңге) мөлшеріндегі зиян шартты бөлу резервінің ұлғаюы ретінде капиталдың құрамында мойындалған (21-ескертпелер).

8. Клиенттерге берілген несиeler

Клиенттерге берілген несиeler өз қызметін аграрлық секторда жүзеге асыратын карыз алушыларға берілген несиelerмен білдірілген және оған келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Занды тұлғаларға берілген несиeler	365.530.528	264.496.999
Жеке тұлғаларға берілген несиeler	51.628.720	40.342.502
	417.159.248	304.839.501
КН3 резервін шегере отырып	(55.375.561)	(39.736.435)
Клиенттерге берілген несиeler	361.783.687	265.103.066

Клиенттерге берілген несиelerдің құнсыздану резерві

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін занды тұлғаларға берілген несиeler бойынша КН3 тиісті резервінің талдауы келтірілген:

<i>Занды тұлғаларға берілген несиeler</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СКНК</i>	<i>Жынысы</i>
2019 жылғы 1 қаңтарға					
жалпы баланстық құн	149.850.968	475.311	112.369.675	1.801.045	264.496.999
ҚАК қосу (5-ескертпе)	-	-	544.789	-	544.789
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	172.298.456	-	46.501.761	1.036.767	219.836.984
Өтелген активтер	(83.835.425)	(1.543.276)	(40.671.500)	(338.445)	(126.388.646)
1-кезенге аудару	47.555.638	(15.008.238)	(32.547.400)	-	-
2-кезенге аудару	(31.837.399)	36.485.778	(4.648.379)	-	-
3-кезенге аудару	(69.103.092)	(12.072.827)	81.175.919	-	-
Мойындаудың тоқтатылуына әкел соқтырмайтын түрлендірге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	-	-	(302.812)	-	(302.812)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	2.940.901	84.355	5.875.608	280.575	9.181.439
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(1.838.225)	-	(1.838.225)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	187.870.047	8.421.103	166.459.436	2.779.942	365.530.528

<i>Занды тұлғаларға берілген несиeler</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СКНК</i>	<i>Жынысы</i>
2019 жылдың 1 қаңтарына КН3 резерві	2.156.348	-	36.071.917	14.755	38.243.020
ҚАК қосу (5-ескертпе)	-	-	272.406	-	272.406
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	2.908.740	-	5.431.093	-	8.339.833
Өтелген активтер	(1.327.276)	(68)	(4.766.827)	-	(6.094.171)
1-кезенге аудару	10.287.782	(544.548)	(9.743.234)	-	-
2-кезенге аудару	(133.445)	1.437.702	(1.304.257)	-	-
3-кезенге аудару	(1.101.098)	(512.560)	1.613.658	-	-
Бір Кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КН3-дағы өзгерістер	(9.829.071)	(343.810)	17.919.378	731.390	8.477.887
Мойындаудың тоқтатылуына әкел соқтырмайтын түрлендірге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	-	-	(16.097)	-	(16.097)
Дисконт амортизациясы	-	-	4.803.402	-	4.803.402
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(1.838.225)	-	(1.838.225)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	2.961.980	36.716	48.443.214	746.145	52.188.055

8. Клиенттерге берілген несиeler (жалғасы)

